

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Педагогика және психология институты
Әлеуметтік ғылымдар (Психология) білім беру бағдарламасы

Оқу процесінде сын тұрғысынан ойлау технологияларын пайдалану жолдары

Сатова А.Қ. – пс.ғ.докторы, профессор.
Бегалиева Н.Ү. – пс.ғ.кандидаты,
аға оқытушы

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының құрылымы

Сыни ойлауды дамыту технологиясына үш
кезеңнен тұратын сабақ түрі жатады:

1

1-кезең – қызығушылықты ояту
(evocation).

2

2-кезең – мағынаны ашу
(realization of meaning);

3

3-кезең – ой толғаныс (рефлексия)
(reflection)

Сыни ойлаудың 1-қызығушылықты ояту кезеңі

Бұл кезеңде алдымен тақырып бойынша сізге не белгілі екенін еске түсіру керек, көңілді аудару керек (кіріспе ой қозғау).

Мақсаты:

- оқушы өзінде қалыптасқан білімі мен түсініктерін өзектендіру;
- оқылатын тақырыпқа танымдық қызығушылықты ояту;- оқушының белсенділігін ояту.

Стратегиялары:

Болжау кестесі, Тірек сөздер, Т кестесі, Бір айналым күнделік, Миға шабуыл, Ойлану, Топтастыру, Талқылау, Әлемді шарлау және т.б.

Бұл кезең келесі қызметтерді жүзеге асырады:

- Дәлелдеме (мотивациялық) – тақырыпқа, жаңа ақпаратқа қызығушылықты ояту
- Ақпараттық – бар білімді актуалдандыру және жүйелеу
- Сындарлы қарым-қатынас, байланыс (коммуникативті) – жанжалсыз ой алмасу
- Мақсат қою – зерттелетін тақырыптың мақсатын анықтау.

